

ЫСҚАҚ С.  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЙРЛІ ШЕГІРТКЕЛЕР

Резюме

Қазақстанның әртүрлі табиги экономикалық аймақтарында шегірткелердің 270 түрі тіршілік етеді. Олардың ішінде ауылшаруашылығы егістіктері мен ауылшаруашылығына пайдаланатын жерлерге, жыл сайын үйірлі шегірткелердің 3 түрі қауіп төндіреді. Олар: азиялық, мароккалық шегірткелер және италяндық прус. Мақалада олардың тіршілік ету ареалы, Қазақстан аймақтарындағы түр құрамы, дернәсілдерінің сипаттамалары мен кейір морфологиялық ерекшеліктері көлтірілген. Оңтүстік Қазақстан облысындағы зиянкес шегірткелердің маусымдық аспекттері, сонымен қатар Павлодар облысының далалық аймағындағы италяндық прус популяциясының жас және кеңістік құрылымы зерттелген.

YSKAK S.

HERD'S LOCUSTS OF KAZAKHSTAN.

Summary

In different natural and economic zones of Kazakhstan inhabits 270 species and subspecies of locusts. The greatest threat to agricultural crops and fields each year represent three locust species. They are Asian, Moroccan and Italian locusts. This article describes their habitat, the species composition in Kazakhstan, description of larvae by age and some morphological characters of larvae. The seasonal aspects of grasshoppers in the South Kazakhstan are marked, gender, age and spatial population structure of Italian locust in steppe zone of the Pavlodar region are studied.

Сведения об авторе

ЫСҚАҚ Сапарбек, кандидат сельскохозяйственных наук.  
КазНАУ, старший преподаватель кафедры «Плодоовощеводства, химии и защиты растений»

ӘӘЖ 633.854.54: 631.5

С.С. АРЫСТАНҒҰЛОВ, Е.Б. АБДРАЗАКОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНЫҢ ТАУ БӨКТЕРІ АЙМАҒЫНДА КҮЛГІН  
ҚЫШАНЫҢ ПЕРСПЕКТИВТІ СОРТТАРЫН ТҮҚЫМ ӨНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ МАЙ  
ШЫҒЫМДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

(Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы)

Мақалада күлгін қышаның перспективті сорттарын салыстырмалы зерттеу нәтижелері көлтірілген. Авторлардың үйіншіліктерінше, ең жоғары түқым өнімділігі мен май шығымдылығын Рушена сорты қалыптастырылған.

Соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы өндірісін қарқындану курсы, өсімдік шаруашылығы саласын әртаратаптан- дыруга бағытталған және қысқа ротациялы ауыспалы егістерді өндіріске енгізу арқылы олардың құрылымын оңтайландыру, дәстүрлі дақылдарды болашағы зор балама дақылдармен толықтыру болып табылады. Республиканың оңтүстік-шығыссының тау бөктері аймағында өсімдік майынан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі балама дақылдар қатарына күлгін қышаны қосуға болады. Себебі солтүстік аймактарда күлгін қыша өсімдігі жоғары өнімділігімен және майының шығымдылығымен ерекшеленеді. Оның сүйік майын азық-түлікке, техникалық мақсаттарда пайдалануға болады.

Осылан орай, зерттеудің мақсаты, күлгін қышаның ғылыми негізделген инновациялық технологиясын жасау және оны нақтылы топырақ-климат жағдайына бейімдеу, сонымен қатар, дақылдың перспективалы сорттарын шаруашылықтың құнды белгілері бойынша өзара салыстыру арқылы үздігін таңдап, өндіріске ұсыну.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2009-2011 жылдары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқу-тәжірибе стансасында егістік тәжірибе қойылып, онда күлгін қышаның Неосыпающая 2, Рушена және ВНИИМК сорттары себіліп, олар түқым өнімділігі мен май шығымдылығы бойынша өзара сыйналды.

Егістік тәжірибе салынған танаптың топырақ типі – шалғындық қоңыр, механикалық құрамы құмдауыт-саздақты. Жыртылмалы қабатындағы кара шірік мөлшері 4,1%. Топырақтың коректену